

**2017 жылғы 01 қарашадан бастап 2017 жылғы 21 желтоқсанға дейінгі кезеңде,  
Алматы қ., Қабдолов көш., 1/8 үй мекенжайы бойынша орналасқан  
«ARMADA» сауда кешенінде өткізілетін  
«Сатып ал да, 1 000 000 теңгені ұтып ал»  
жарнамалық науқанын өткізу ЕРЕЖЕЛЕРІ,  
бұдан әрі мәтін бойынша – «Ережелер».**

**1. Жалпы қағидалар**

- 1.1. «Рент Групп» ЖШС осы Ережелерді тек «Сатып ал да, 1 000 000 теңгені ұтып ал» жарнамалық науқанына арнап жасады, бұдан әрі мәтін бойынша – «Ұйымдастырушы».
- 1.2. «Сатып ал да, 1 000 000 теңгені ұтып ал» жарнамалық науқаны, бұдан әрі мәтін бойынша - «Науқан», Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 050062, Қабдолов көш., 1/8 үй мекенжайында орналасқан «ARMADA» сауда кешенінде, бұдан әрі мәтін бойынша – «Сауда кешені», өткізіледі.
- 1.3. Осы Ережелер Науқанды өткізу, Науқанның жеңімпаздарын анықтау тәртібін, сонымен қатар жүлдені беру тәртібін анықтайды.
- 1.4. Осы ережелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жасалды.
- 1.5. Науқанды өткізу мерзімдері - 2017 жылғы 01 қарашадан бастап 2017 жылғы 21 желтоқсанға дейін.
- 1.6. Науқанға қатысуға купондарды тарату мерзімдері мен купондарды қабылдау мерзімдері - 2017 жылғы 01 қарашадан бастап 2017 жылғы 21 желтоқсанға дейін.
- 1.7. Науқан бойынша купондарды қабылдау орыны - Сауда кешенінің анықтама бұрышы.
- 1.8. Ұйымдастырушы туралы деректер - «Рент Групп» жауаркершілігі шектеулі серіктестік, БСН 141040004706, орналасқан жері: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қабдолов көш., 1/8 үй, тел. +7(727) 327-90-27.
- 1.9. Науқанды ұйымдастырушы Науқанға қатысатын купондардың санын, Науқан өткізу мерзімдерін, Жүлденің саны мен құрамын, басқаларын өз қалауы бойынша анықтау құқығын өзінде қалдырады.

**2. Науқанның жүлде қоры**

- 2.1. Науқанның жүлде қоры Ұйымдастырушының қаражаты есебінен құрылады және Науқанның жеңімпазына жүлдені беруге ғана қолданылады.
- 2.2. Науқанның жүлде қоры ақшалай түсімді және мақсатты аударымдарды қарастырмайды.
- 2.3. Науқанның жүлде қоры 1 (бір) жүлдеден тұрады.
- 2.4. Науқан бойынша жүлде, бұдан әрі мәтін бойынша – «Жүлде», Ұйымдастырушыға 1 000 000 теңге (бір миллион теңге) сертификатқа, бұдан әрі мәтін бойынша – «сертификат», болып табылады, ол бойынша Науқанның жеңімпазы осы сома аясында Сауда кешенінің бір немесе бірнеше суб-жалдаушыларынан тізілімі осы Ережелердің №1 қосымшасында көрсетілген және Ұйымдастырушы анықтаған кез келген тауарды немесе тауарларды сатып алуға құқылы.
- 2.5. Науқанның жеңімпазы осы Ережелердің №1 қосымшасында көрсетілген және Ұйымдастырушы анықтаған Сауда кешенінің бір немесе бірнеше суб-жалдаушыларынан жалпы сомасы 1 000 000 теңгеге бір немесе бірнеше тауарларды сертификат бойынша сатып алуға құқылы.
- 2.6. Науқанның жеңімпазына сертификат бойынша 1 000 000 теңге көлемінде қолма-қол ақшалай қаражат (сертификатты ақшаға айналдыру) берілмейді.
- 2.7. Сертификат бойынша Науқанның жеңімпазы сатып алатын тауарларды Ұйымдастырушы төлейді.
- 2.8. Науқанның жеңімпазы Сауда кешенінің аумағында ғана сертификатты өткізуге құқылы.
- 2.9. Науқанның жеңімпазынан Ұйымдастырушы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің нормаларына сәйкес жеке табыс салығын жүлде сомасынан ұстауға міндетті.

**3. Науқанға қатысу.**

- 3.1. Науқанға Қазақстан Республикасының аумағында тұратын, 18 жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматтары, барлық қабілетті жеке тұлғалары қатыса алады, бұдан әрі мәтін бойынша «қатысушылар» немесе «қатысушы», мәтінге байланысты аталатын болады.
- 3.2. Науқанға келесілер қатыса алмайды:

- 1) Науқанды Ұйымдастырушының қызметкерлері және Науқанды Ұйымдастырушыны ұсынатын тұлғалар, олардың отбасы мүшелері;
- 2) Науқанды Ұйымдастырушымен шарттық қатынасы бар және Ұйыммен байланысты және/немесе Науқанды ұйымдастырумен байланысты қызметкерлер және үшінші тұлғалардың өкілдері, сонымен қатар олардың отбасы мүшелері.
- 3.3. Науқанның әрбір қатысушысы:
- Ұйымдастырушығы өзі туралы сенімді деректерді және ақпаратты хабарлауға міндетті;
  - оны жеңімпаз ретінде таныған жағдайда, Ұйымдастырушыға келесілерді беруге міндетті: жеке куәлігінің түпнұсқасы, Науқан купонының «№ 1 бөлік» жыртылмалы түпнұсқа бөлігі, Сауда кешенінде тауарды сатып алған түпнұсқа фискалды чек;
  - Науқанға қатысумен байланысты құқықтарын үшінші тұлғаға (тұлғаларға) кез келген басқа жолмен беруге және/немесе басқаға беруге құқылы емес;
  - Жұлдені алу шарттарымен толықтай келіседі.
- 3.4. Науқанның әрбір қатысушысы келесіні куәландырады және растайды:
- Науқанға жеке өзі, өз атынан, ерікті және өздігінен қатысады;
  - Науқанды өткізу ережелерімен танысты және толық келіседі, және оларды сақтайтын болады;
  - 18 жасқа жеткен Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады, оны жеке куәлігімен растайды;
  - Қазақстан Республикасында тұрақты тұрады;
  - өз әрекеттерінің шарттары мен салдарын және осы Ережелерде белгіленген тиісті қағидаларды анық түсінеді.
- 3.5. Науқанға қатысады, Науқанның қатысушысы Науқанның Ұйымдастырушысына төмендегілер үшін берген дербес деректерін өңдеуге келісімін береді:
- 1) Науқанды Ұйымдастырушының ресурстарында осындай дербес деректерді жариялау, Науқанның қатысушысын жеңімпаз ретінде мойындау факті туралы үшінші тұлғаларға хабарлау, сонымен қатар Ұйымдастырушы анықтаған кез келген бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде электрондық құралдарда Науқан нәтижелері туралы мәліметтерді жариялау;
  - 2) Ұйымдастырушы анықтаған кез келген бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде электрондық құралдарда маркетингтік мақсаттарда Науқанды өткізу барысы мен нәтижелері туралы хабарлау;
  - 3) Науқанның шарттарымен анықталған Науқанды Ұйымдастырушының міндеттемелерін кейін орындау.
- 3.6. Ұйымдастырушы қатысушының тарапынан қарсылықтар болмаса, оған қандай да бір сыйақы төлемей, радиода және/немесе телевидениеде орналастыруға арналған, өзге бұқаралық ақпарат құралдарында жарнамалық сұхбаттарға оны тарту немесе графикалық жарнамалық материалдарды жасау үшін фото- және бейнетүсірілімдерге қатысу, оның ішінде Науқанды өткізумен байланысты жарнамалық сюжеттерді жасау құқығын өзінде қалдырады. Осындай жарияланымдарға барлық ерекше құқықтар Ұйымдастырушыға тиесілі.
- 3.7. Науқанның жеңімпазы жарияланған Науқанның қатысушысы жеке өзі және өз есебінен Науқанға қатысуымен байланысты барлық шығындарды төлейді, оның ішінде: байланыс қызметтерін төлеу бойынша шығындары, оған қоса шектеусіз Интернет-провайдерлердің қызметтері, көлік шығындары мен Науқанға қатысушыда туындауы мүмкін барлық өзге шығындары.
- 3.8. Науқанға қатысу үшін келесілер орындау қажет:
- 3.8.1. 2017 жылғы 01 қарашадан бастап 2017 жылғы 21 желтоқсанға дейінгі кезеңде Сауда кешенінің суб-жалдаушыларынан («TECHNODOM» дүкенінен басқа) бір фискалды чек бойынша 100 000 теңгеден (жүз мың теңге) басталатын сомаға тауарды немесе тауарларды бір жолдық сатып алу;
- 3.8.2. тауарды (тауарларды) сатушыдан сатып алынған тауарға фискалды чекті алу;
- 3.8.3. Ұйымдастырушының купондарды қабылдау орынында Науқанға қатысу купоныналуға, бұдан әрі мәтін бойынша – «купон», фискалды чектің түпнұсқасын беру;
- 3.8.4. келесі деректер мен ақпаратты көрсетіп: тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), ұялы телефон нөмірі, купонды толтыру күні, қолы, купонды қазақ немесе орыс тілінде түсінікті, қатесіз, баспа әріптермен толтыру;
- 3.8.5. купондарды жинақтауышқа фискалды чектің көшірмесімен Науқан купонының «2-бөлік» толтырылған жыртылмалы бөлігін салу. Купондарды жинақтауыш купондарды салуға және алуға арналған қақпағы бар айналдырушы элементтен тұратын органикалық әйнектен жасалған мөлдір куб немесе тікбұрышты параллелепипед болып табылады;
- 3.8.6. «ARMADA» сауда кешенінде «22» желтоқсан 2017 ж. «13» сағ. 00 минутта Ұйымдастырушы өткізетін жүлделер ұтысына жеке өзі қатысады, бұл кезде өзінде болуы қажет құжаттар: 1).

- науқан купонының «1-бөлік» жыртылмалы бөлігінің түпнұсқасы, 2). жеке куәлігінің түпнұсқасы, 3). Науқан кезінде Сауда кешенінде тауарды (тауарларды) сатып алу фактінің растайтын фискалды чектің түпнұсқасы.
- 3.9. 100 000 теңгеден бастап немесе жоғары сомаға бір қатысушыдағы фискалды чектердің саны әрбір чекті шектелмейді.
  - 3.10. 100 000 теңгеге және одан жоғары сомаға дейін фискалды чектерді қосу рұқсат етілмейді.
  - 3.11. 100 000 теңгеден немесе жоғары сомадағы 1 (бір) фискалды чекке Науқанның Ұйымдастырушысы қатысушыға Науқанның 1 (бір) купонын береді.
  - 3.12. Қазақстан Республикасының басқа сауда орталықтарының, дүкендерінің және өзге сауда кәсіпорындарының купондары ұтысқа қатысуға қабылданбайды.
  - 3.13. Купонды беру алдында Ұйымдастырушы міндетті тәртіпте Сауда кешенінің суб-жалдаушысынан осы немесе өзге тауарды сатып алу фактінің тексереді.
  - 3.14. Егер Қатысушы Сауда кешенінің суб-жалдаушысы болып табылмайтын саудагер берген фискалды чекті берсе, Ұйымдастырушы қатысушыға купонды беруден бас тартуға құқылы.
  - 3.15. Фискалды чектің нұсқасы қатысушыда қалады, Ұйымдастырушы фискалды чектің көшірмесін ұтысқа қатысатын қатысушының сол бөлігіне (2-бөлік) жабыстырады.
  - 3.16. Науқанның әрбір купоны өзінің реттік санын иеленеді.
  - 3.17. Науқанның әрбір купоны Науқанды Ұйымдастырушы өкілдерінің қатысуымен купондарды қабылдау орнында ғана толтырылады.
  - 3.18. Купондарды қабылдау орнынан тыс жерде қатысушылар толтырған Науқан купондары ұтысқа қатыспайды.
  - 3.19. Барлық қате, дұрыс емес, толық емес, түсініксіз толтырылған купондар ұтысқа қатыспайды.
  - 3.20. Фискалды чектің көшірмесінсіз ұтысқа қатысуға арналған купон жарамсыз деп есептеледі.
  - 3.21. Әрбір купон 2 (екі) бірдей жыртылатын бөліктерден: «1-бөлік» және «2-бөлік» тұрады.
    - 1) Купонның «1-бөлігі» қатысушыда қалады, және Жұлдені алу үшін ұтысты өткізгеннен кейін Ұйымдастырушыға қатысушы береді.
    - 2) Купонның «2-бөлік» Жұлденің ұтысына қатысуға қабылданады, ол үшін купондарды жинақтаушыға қатысушының өзі немесе Ұйымдастырушының өкілі салады;
  - 3.22. Науқан жөніндегі барлық қажетті анықтаманы Ұйымдастырушының телефоны: +7(727) 327-90-27, немесе Ұйымдастырушының веб-сайтынан «www.armada.kz» арқылы алуға болады.

#### **4. Науқан Жұлдесінің ұтыс тәртібі.**

- 4.1. Науқанның жеңімпазы «ARMADA» сауда кешенінде 22 желтоқсан 2017 жылы 13 сағ. 00 минуттан бастап 15 сағ. 00 минутқа дейінгі Ұйымдастырушы өткізетін ұтысқа жеке өзі қатысатын қатысушылар арасынан Науқан жүргізілген кезеңде Ұйымдастырушы жинаған және купондарды жинақтаушыға салынған купондардың жалпы санынан бір купонды купондарды жинақтаушыдан кездейсоқ таңдау әдісімен анықталады.
- 4.2. Жұлде ұтысы тираж комиссиясы мүшелерінің қатысуымен, Ұтысқа жеке өзі қатысатын қатысушылар арасынан Ұйымдастырушылардың өкілдерімен жүргізіледі.
- 4.3. Тираж комиссиясының төрағасы ұтыстың басталуы туралы жариялауға міндетті.
- 4.4. Ұтыстың басталуы туралы жариялаған соң тираж комиссиясының мүшесі кездейсоқ таңдау әдісімен купондарды жинақтаушыдан бір купонды алады, барлық қатысушыларға купонның нөмірін, купонда көрсетілген текті, атты және әкесінің атын (болған жағдайда) жариялайды, және купонды тираж комиссиясының мүшелеріне береді. Мұндай купон жеңімпаз болып жарияланады.
- 4.5. Тираж комиссиясының төрағасы жеңімпаз болған Науқан қатысушысы ұтысқа қатысқандығына көз жеткізуге және мұндай қатысушыға шығуын және тексеру процедурасынан өту үшін тираж комиссиясына келуін ұсынуға міндетті.
- 4.6. Тексеру процедурасын келесі тәртіпте тираж комиссиясы орындайды:
  - 1) тираж комиссиясының мүшелері жеңген купонның 1 және 2-бөлік нөмірлерінің сәйкестігін тексереді;
  - 2) тираж комиссиясының мүшелері қатысушының жеке тұлғасын тексереді;
  - 3) тираж комиссиясының мүшелері жеке куәліктегі деректерімен ұтыс купонда көрсетілген қатысушының тегімен, атымен және әкесінің атымен (болған жағдайда) тексереді.
- 4.7. Жеке деректер сәйкес келмеген кезде немесе қатысушы ұтысқа жеке өзі қатыспаса, немесе қатысушыда жеке куәліктің түпнұсқасы болмаса, немесе Науқанға қатысушы 18 жасқа толмаса, тираж комиссиясы мұндай қатысушының ұтысты алуына рұқсат етпейді. Мұндай жағдайда тираж комиссиясының төрағасы жариялаған Науқанның ұтыс купонының деректері талап

- етілмейді деп жарияланады және жүлде жоғарыда көрсетілген процедураны сақтап қайта ойнатылатын болады.
- 4.8. Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) ұтыс купонының деректерімен сәйкес келген кезде, сонымен қатар купонның 1 және 2-бөлік нөмірлерімен сәйкес келген кезде, осы купонның иесін – қатысушыны, тираж комиссиясының төрағасы Науқанның жеңімпазы және Ұйымдастырушы айтқан Жұлденің иегері деп жариялайды.
  - 4.9. Науқанның жеңімпазына – Жұлденің иегеріне тираж комиссиясының төрағасы халықтың көзінше 1 000 000 теңге сомаға Ұйымдастырушының сертификатын ұсынады.
  - 4.10. Ұтыс аяқталған соң Науқан жеңімпазына науқан Ұйымдастырушысы жүлдені алу тәртібін ерекше ескертеді.
  - 4.11. Жүлде ұтысының нәтижесін тираж комиссиясының барлық мүшелері қол қоятын Ұтыс хаттамасымен расталады.
  - 4.12. Талап етілмеген купонның түпнұсқасы, сонымен қатар ұтыс купонның түпнұсқасы тираж комиссиясының хаттамасына міндетті Қосымша болып табылады.
  - 4.13. Тираж комиссиясының хаттамасы Науқан Ұйымдастырушысында сақталады.
  - 4.14. Жүлде ұтысының нәтижелері Ұйымдастырушының веб-сайтында «www/armada.kz» ұтысты өткізген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жарияланады.
  - 4.15. Ұйымдастырушының веб-сайтында «www/armada.kz» Ұйымдастырушы Сауда кешенінде өткізген Науқан туралы ақпаратты орналастыру мерзімдерін Науқан Ұйымдастырушысы анықтайды.
  - 4.16. Ұтыс ойыны аяқталып, купон-жеңімпазын анықтағаннан кейін, қалған қатысушылардың купондары ұйымдастырушы көмегімен 7(жеті) жұмыс күн ішінде жинақтауыштан алынып жойылады.

## **5. Жұлдені алу тәртібі.**

- 5.1. Сертификатты өткізу құқығы (жұлдені алу құқығы), яғни 1 000 000 теңге жалпы сомаға тауарды (тауарларды) сатып алу құқығы Науқан жеңімпазымен үшінші тұлғаларға берілмейді.
- 5.2. Науқанның жеңімпазы сертификатты жеке өзі өткізуі (жұлдені алуы) керек немесе жеке өзі сертификаттан жазбаша бас тартуы керек.
- 5.3. Сертификатты өткізу (жұлдені алу) үшін, Науқанның жеңімпазы Ұйымдастырушының келесі мекенжайда орналасқан мекенжайына хабарласуы керек: Алматы қ., Қабдолов көш., 1/8 үй, 2-кеңсе, 25 желтоқсан 2017 жылдан бастап 22 ақпан 2018 жылды қоса алғанға дейінгі кезеңде аптаның кез келген күнінде, сенбі мен жексенбіден басқа, Ұйымдастырушының жұмыс уақытында – 09 сағ. 00 минуттан бастап 18 сағ. 00 минутқа дейін.
- 5.4. Науқанның жеңімпазы сертификат бойынша Сауда кешенінде тауарды (тауарларды) жалпы сомасы 1 000 000 теңгеге (бір миллион теңгеге) тек Сауда кешенінің аумағында, Ұйымдастырушы Науқан жеңімпазына берген тізімнен Сауда кешенінің суб-жалдаушыларынан сатып алуға құқылы.
- 5.5. Науқан жеңімпазы Ұйымдастырушыға сертификатты өткізу (жұлдені алу) үшін көрсетілген мерзімде хабарласпаған жағдайда, сертификат (Жүлде) талап етілмеді деп есептеледі және Ұйымдастырушы онымен өз қалауы бойынша басқаруға құқылы.
- 5.6. Сертификатты өткізу (жұлдені алу) үшін Науқанның жеңімпазы жеке өзі Ұйымдастырушыға келесілерді беруі қажет:
  - 1). Жұлдені алуға иесіне рұқсат ететін Науқан купонының толтырылған «1-бөлігі»,
  - 2). жеке куәліктің түпнұсқасы.
  - 3). 1 000 000 теңге сомасын беретін Ұйымдастырушы сертификатының түпнұсқасы.
- 5.7. Науқанның жеңімпазы тауарды немесе тауарларды сатып ала алатын Сауда кешенінің суб-жалдаушыларының тізімін Ұйымдастырушыдан Науқан жеңімпазы алған соң, Науқанның жеңімпазы жеке өзі 1 000 000 теңге қол жетімді сома аясында сатылып алынатын тауарды немесе тауарларды, сонымен қатар Науқанның жеңімпазы тауарды (тауарларды) сатып алғысы келетін Ұйымдастырушы ұсынған тізімнен Сауда кешенінің сатушысын (сатушыларын) (суб-жалдаушысын (суб-жалдаушыларын)) анықтайды және Науқанның Ұйымдастырушысына барлық қажетті деректерді хабарлайды: тауардың (тауарлардың) саны, оның (олардың) атауы, құрамасы, түсі, артикулы, мөлшері және өзге сипаттамалы) және Сауда кешенінің суб-жалдаушысын (жалдаушыларын) – тауар (тауарлар) сатушы (сатушылар) атауы.
- 5.8. Науқан жеңімпазы сатып алатын тауар туралы қажетті деректер, сонымен қатар тауарды сатушы – Сауда кешенінің субжалдаушысы туралы мәліметтер тауарды сатушының (Сауда кешенінің субжалдаушысы) тиісті құжаттарымен - тауар чектерімен, сипаттамамен, тауар үстемесімен және басқасымен расталуы керек.

- 5.9. Науқан жеңімпазы сатып алғысы келетін тауар (тауарлар) туралы мәліметтер Науқан жеңімпазынан Ұйымдастырушы алғаннан кейін Ұйымдастырушы Науқан жеңімпазының көзінше тиісті тауарға (тауарларға) төлем жасайды, яғни сертификатты өткізеді.
- 5.10. Науқан жеңімпазы сатып алатын тауарға немесе тауарларға Ұйымдастырушы төлем жасау факті туралы куәландыратын фискалды чектің түпнұсқасын, сонымен қатар сатылып алынатын тауарға үстемелінің көшірмесі Науқанды Ұйымдастырушыда қалады, мұндай фискалды чектің көшірмесін, сонымен қатар тауарды жеткізу үстемелінің түпнұсқаларын, кепілдік талондарды (міндеттемелерді), техникалық төлқұжаттарды (болған жағдайда), сонымен қатар сатылып алынатын тауар (тауарлар) бойынша өзге құжаттарды Науқан Ұйымдастырушысы Науқан жеңімпазына тиісті Қабылдау-өткізу акті бойынша тапсырады.
- 5.11. Науқанның жеңімпазы тауарды (тауарларды) жеткізу шарттарын, күнін, уақытын тауарды сатушымен (Сауда кешенінің субжалдаушысы) өзі келісуі керек, сонымен қатар Науқан Ұйымдастырушысынан талап етпей тауарды жеткізу бойынша көлік және басқа шығындарды өзі төлеуі керек.
- 5.12. Сертификат бойынша Науқан жеңімпазы сатып алған тауарға (тауарларға) меншік құқығы Науқан жеңімпазы таңдаған тауарды (тауарларды) Ұйымдастырушының төлеу кезінде жеңімпазға өтеді.
- 5.13. Егер сертификат бойынша Науқан жеңімпазы сатып алған тауардың (тауарлардың) сомасы 1 000 000 теңгеден (бір миллион теңгеден) асса, Науқанның жеңімпазы өз қаражаты есебінен сатып алынған тауар (тауарлар) құны мен 1 000 000 теңге арасындағы айырмашылықты тауарды (тауарларды) сатушыдан (Сауда кешенінің субжалдаушысынан) тиісті төлемді растауды алып өзі төлейді.
- 5.14. Егер сертификат бойынша Науқан жеңімпазы сатып алған тауардың (тауарлардың) сомасы 1 000 000 теңгеден (бір миллион теңгеден) аспаса, Ұйымдастырушы тауардың (тауарлардың) нақты құнын төлейді. 1 000 000 теңге мен Науқан жеңімпазы сатып алған тауардың (тауарлардың) құны арасындағы айырмашылықты Науқан жеңімпазына Ұйымдастырушы төлемейді, және Ұйымдастырушы Науқан жеңімпазы алдындағы міндеттемелерін толық орындады деп есептеледі.
- 5.15. Сертификат бойынша Науқан жеңімпазы сатып алған тауарды (тауарларды) толық немесе жартылай қайтару мүмкін емес.
- 5.16. Сапасыз тауарды (тауарларды), яғни көрінетін ақаулары мен пішіннің өзгеруі бар тауарды ауыстыруға рұқсат етіледі, ауыстыру "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес фискалды чекпен (чектермен) расталған мұндай тауарды (тауарларды) сатып алған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күні ішінде жүзеге асырылады. Бұл жағдайда тауарды (тауарларды) сатушы (сатушылар) сол сатушыдан тиісті сападағы ұқсас тауарға сапасыз тауарды (тауарларды) ауыстырады.
- 5.17. Сертификат бойынша Науқан жеңімпазы сатып алған тауар сатып алғанға ұқсас емес тауарға ауыстырылмайды.
- 5.18. Науқанның жеңімпазы сатушыға (сатушыларға) Ұйымдастырушыға хабарламай тауарды (тауарларды) жеке өзі қайтаруға және сатушыдан (сатушылардан) тауар үшін Науқанды Ұйымдастырушы төлеген ақшалай қаражаттарды талап етуге құқылы емес.
- 5.19. Науқанның жеңімпазы сертификатты өткізуден бас тартуы туралы жариялауға құқылы, яғни Жүлдені алудан жазбаша бас тартуды ресімдеу. Науқан жеңімпазы Ұйымдастырушыға жүлдені алудан бас тартуы туралы жазбаша хабарламаны берген күннен бастап Науқанның жеңімпазы оны алудан барлық күштерін автоматты түрде жоғалтады.
- 5.20. Егер Науқанның жеңімпазы Жүлдені алудан жазбаша бас тартса, ол Ұйымдастырушыдан оның қайта берілуін талап ете алмайды.
- 5.21. Науқан жеңімпазының сатып алған тауардың (тауарлардың) сапасына қатысты Ұйымдастырушының міндеттемелері тауарды (тауарларды) жасаушы (сатушы) берген кепілдіктермен шектеулі.
- 5.22. Науқанның жеңімпазы Науқан бойынша сатып алған тауарды (тауарларды) тағайындалуы бойынша пайдалануға, сонымен қатар оны (оларды) бекітілген ұстау ережелерін, оған қоса қауіпсіздікті (егер ондайлар болса) қатаң сақтауға міндетті. Одан басқа, ол тауарды (тауарларды) тағайындауы бойынша ұстамауы салдарынан келтірілген залалдар үшін толық жауапкершілікті көтереді.
- 5.23. Ұтыстың нәтижелері соңғы болып табылады және қайта қарауға жатпайды.
- 5.24. Науқан, Жүлде ұтысы және сертификатты өткізу тәртібі бойынша барлық даулы сұрақтар қатысушылар мен Науқанды Ұйымдастырушы арасында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.